

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
2022-2023 оқу жылындағы Оқу-әдістемелік комитет мәжілісінің
№2 хаттамасының ҚАУЛЫЛАРЫ

Түркістан қаласы

22 қыркүйек 2022 жыл

Өткізілген орны: Мәдениет сарайының кіші залы

Өткізілген уақыты: 2022 жылдың 22 қыркүйегі, сағат– 15:00

Қатысқандар - 37

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. 2022-2023 оқу жылында университет оқытушы – профессор құрамы дайындаған оқу, оқу-әдістемелік құралдарын бағыттар бойынша сараптайтын эксперттік комиссия құрамын бекіту (*Баяндамашы: Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлім басшысы - Е.Ш.Шахабаев*);

2. 2022-2023 оқу жылында өтілетін ашық (мастер класс, ақылдасу) сабақтарының кестесін бекіту (*Баяндамашы: Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлім басшысы- Е.Ш.Шахабаев*);

3. 2022-2023 оқу жылында қысқы аралық аттестаттау емтихандарының қабылдау нысандарын бекіту (*Баяндамашы: Оқу жұмысын ұйымдастыру бөлім басшысы – Л.А.Ибрагимова*);

4. Әдістемелік семинарлар жоспарын бекіту (*Баяндамашы: Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлім басшысы - Е.Ш.Шахабаев*);

5. ББ пәндері бойынша контенттердің толық және сапалы жүктелгеніне мониторинг нәтижелерін талдау (*Баяндамашы: Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлім басшысы - Е.Ш.Шахабаев*);

6. 2022-2023 оқу жылына «Қазақстан тарихы» пәні бойынша Мемлекеттік емтиханның комиссия төрағасы мен құрамын бекітуге ұсыну (*Баяндамашы: Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультетінің деканы – С.Абжалов*).

7. Әр түрлі мәселелер:

7.1. Филология факультетіне қарасты Әлем тілдері кафедрасының атауын өзгерту үшін ұсыну (*Баяндамашы: Филология факультетінің деканы Абдулкадир Өзтүрк*).

Күн тәртібіндегі бірінші мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет
ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. 2022-2023 оқу жылында университет оқытушы – профессор құрамы дайындаған оқу, оқу-әдістемелік құралдар мен нұсқауларын бағыттар

бойынша сараптайтын эксперттік комиссия құрамы бекітілсін (*Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлім басшысы - Е.Ш.Шахабаев*).

**Күн тәртібіндегі екінші мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет
ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

2. 2022-2023 оқу жылының 1 семестрінде өтілетін ашық (мастер класс, ақылдасу) сабақтарының кестесі бекітілсін (*Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлім басшысы - Е.Ш.Шахабаев*).

**Күн тәртібіндегі үшінші мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет
ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

3. 1. 2022-2023 оқу жылының қысқы аралық аттестаттауды қабылдау түрлері бекітілсін.

2. Жазбаша емтиханның жауап парақтарын тексеру үшін біліктіліктері сол пәннің бейініне сәйкес келетін және әдеттегідей сол академиялық топта (лекте) оқыту сабақтарын өткізбеген профессорлар-оқытушылар құрамы жеткілікті болса өкіммен тағайындалсын (*жауапты: факультет декандары*);

3. Емтихан сұрақтарына предмониторинг және емтиханның жазбаша жауап парақтарына постмониторинг жүргізілсін (*жауапты: Өлшеу және бағалау секторы, Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімі*);

4. Антиплагиаттан кез-келген жазбаша (жоба қорғау, шағын жоба, эссе т.б.) жұмыстар өтуі міндеттелсін (*жауапты кафедра меңгерушілері*);

5. Сессияға 20 күн қалғанда емтихандардың бағдарламалық сұрақтары факультет деканымен бекітіліп сайтта жариялансын, білім алушыларға қолжетімді болсын (*жауапты кафедра меңгерушісі*).

**Күн тәртібіндегі төртінші мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет
ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

4. Әдістемелік семинарлар жоспары бекітілсін. (*Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлім басшысы - Е.Ш.Шахабаев*).

**Күн тәртібіндегі бесінші мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет
ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

5. Контенттерді мерзімінде кешіктірмей жүктелуін қамтамасыз ету жауапкершілігі кафедра меңгерушілеріне, контент құрылымының толықтығы және сапалық талаптарға сәйкестігін қадағалау жауапкершілігі факультет ОӘК төрайымдарына жүктелсін (*Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлім басшысы - Е.Ш.Шахабаев*).

**Күн тәртібіндегі алтыншы мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік
комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

ОӘК төрайымдарына жүктелсін (Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлім басшысы - Е.Ш.Шахабаев).

Күн тәртібіндегі алтыншы мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

6.1. 2022-2023 оқу жылына «Қазақстан тарихы» пәні бойынша Мемлекеттік емтиханның комиссия төрағасын бекіту үшін кезекті Сенат мәжілісіне ұсынылсын;


6.2. 2022-2023 оқу жылына «Қазақстан тарихы» пәні бойынша Мемлекеттік емтиханның комиссия құрамы және апелляциялық комиссия құрамы бекітілсін (Жауапты: Әлеуметтік-Гуманитарлық ғылымдар факультетінің деканы – С.Абжалов).

Күн тәртібіндегі әр түрлі мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

7.1. Филология факультетіне қарасты Әлем тілдері кафедрасының атауын өзгерту үшін кезекті Сенат мәжілісіне ұсынылсын (Жауапты: Филология факультетінің деканы - Абдулкадир Өзтүрк).

Төрайым: Бүгінгі күн тәртібі бойынша барлық мәселелер қамтылды. Оқу-әдістемелік комитет шешімдері комитет Қаулысымен бекітілсін.

Оқу-әдістемелік комитет
хатшы



А.Б.Тасова